# АРҚАЛЫҚ хабары

№ 43 (1091)
07.11.2025 ж.
E-mail:
arkalyk.habar@mail.ru
@arkalyk.habary
web-сайт: www.arklife.kz
Қалалық апталық газет
Городская еженедельная газета


# Тепло пришло? Не откладывай оплату

## Контролеры «Аркалыкской ТЭК» начали поквартирный обход

**26 сентября в Аркалыке официально стартовал отопительный сезон 2025–2026 годов. С 1 ноября контролеры абонентского отдела ГКП «Аркалыкская ТЭК» начали поквартирный обход, разносить квитанции и информировать жителей о задолженностях за тепло и воду.**

По данным начальника абонентского отдела Актолкын Акишевой (НА СНИМКЕ), на 3 ноября общий долг абонентов, включая физических и юридических лиц, составляет 63,7 млн тенге. При этом месяц назад задолженность была более чем втрое выше – 203,2 млн тенге. За октябрь жители и организации оплатили 139,4 млн тенге.

Из общей суммы долга 38,2 млн тенге приходится на тепло, а 25,5 млн тенге – на воду.

### Кто должен, а кто переплатил

Большинство бюджетных организаций, наоборот, имеют переплату.

По местному бюджету переплата составляет 57,2 млн тенге (34,3 млн – тепло, 22,9 млн – вода).

По областному бюджету – 13,7 млн тенге (8,3 млн – тепло, 5,5 млн – вода).

По бюджетным учреждениям в целом – 21,2 млн тенге.

Однако по республиканскому бюджету имеется задолженность – 49,7 млн тенге (29,8 млн – тепло, 19,9 млн – вода).

Среди населения долги остаются значительными:

Общий долг населения – 43,9 млн тенге (26,3 млн – тепло, 17,5 млн – вода).

Хозяйствующие субъекты должны 41,1 млн тенге (24,7 млн – тепло, 16,4 млн – вода).

### Семь контролёров – на страже тепла

Сегодня в городе и пригородах работают 7 контролеров. Всего в абонентском отделе трудятся 23 человека, включая 8 бухгалтеров. Около 80% многоэтажных домов оснащены приборами учета тепловой энергии. Их обслуживают три организации: ТОО «Ассоль и К», ИП «Воронин», ИП «Оразалин».

### Долги доводят до суда

По словам Акишевой, «злостных» неплательщиков стало меньше. С оставшимися ведется работа вплоть до направления дел в суд. Если абонент не оплачивает услуги более двух месяцев, предприятие вправе обратиться в судебные органы. После решения суда банковские счета должников блокируются.

### Вежливость превыше всего

Контролеры ведут поквартирный обход круглый год. При встрече с жильцами они обязаны быть корректными, не беспокоить гостей и не оставлять уведомления посторонним лицам.



Если у хозяина квартиры возникают вопросы по сумме долга, он может обратиться в абонентский отдел для сверки данных. Иногда платежи не доходят до предприятия из-за технических сбоев.

Контролеры также уведомляют индивидуальных предпринимателей, указывая сроки оплаты. При игнорировании требований материалы направляются в суд с возможным арестом счетов.

Контролеров заранее инструктируют, как действовать в конфликтных ситуациях. Если абонент проявляет агрессию, сотрудник должен прекратить разговор и вернуться позже. При необходимости вызывается участковый. «Здоровье работников превыше всего», – подчеркнула Акишева.

В завершение начальник абонентского отдела обратилась к горожанам с просьбой проявлять понимание и вежливость при получении квитанций.

«Контролеры выполняют свою работу. Просим жителей относиться к ней с уважением и своевременно оплачивать услуги предприятия», – отметила Актолкын Акишева.

**Виталий САЯПИН**







**ҚАУЛЫ**

### Арқалық қаласының Үштөбе ауылы әкімінің сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 1) тармақшасы, 1 тармағы, 113 – 1 бабына сәйкес, Арқалық қаласының аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Арқалық қаласының Үштөбе ауылы әкімінің сайлауы 2025 жылдың 14 желтоқсанына тағайындалсын.

2. 2025 жылғы 14 желтоқсанға тағайындалған Арқалық қаласының Үштөбе ауылы әкімінің сайлауын дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулы «Арқалық хабары» қалалық газетінде жариялансын және Арқалық қаласының аумақтық сайлау комиссиясының ресми интернет-парақшасында орналастырсын.

**Комиссия төрағасы А.Е. АЙТМАГАМБЕТОВ**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

### О назначении выборов акима села Уштобе города Аркалык

В соответствии с подпунктом 1) пункта 1 статьи 113-1 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» территориальная избирательная комиссия города Аркалык **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

Назначить на 14 декабря 2025 года выборы акима села Уштобе города Аркалык.

Утвердить Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акима села Уштобе города Аркалык, назначенных на 14 декабря 2025 года, согласно приложению к настоящему постановлению.

3. Опубликовать настоящее постановление в городской газете «Арқалық хабары» и разместить на официальной интернет-странице территориальной избирательной комиссии города Аркалык.

**Председатель комиссии АЙТМАГАМБЕТОВ А. Е.**

### Сайлау учаскесінің шекаралары туралы хабарламасы

Арқалық қаласы Үштөбе ауылы әкімінің сайлауы 2025 жылдың 14 желтоқсанға тағайындалуына және «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Конституциялық заңының 23-бабы 5-тармағына сәйкес, сайлаушыларды Үштөбе ауылы әкімінің сайлауы бойынша сайлау учаскесінің шекаралары туралы хабардар етем ін:

**Үштөбе ауылы**

№ 91 сайлау учаскесі, Үштөбе ауылының шекараларында.

Учаскенің орналасқан жері: Арқалық қаласы, Үштөбе ауылы, Строитель көшесі, 16, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Арқалық қаласы білім бөлімінің Сарыөзен жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

**Арқалық қаласы әкімінің м.а. А.К. ТАШИМОВ**

### Сообщение о границах избирательного участка

В связи с назначением на 14 декабря 2025 года выборов акима села Уштобе города Аркалык и в соответствии с пунктом 5 статьи 23 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» оповещаю избирателей о границах избирательного участка по выборам акима села Уштобе:

**Село Уштобе**

Избирательный участок № 91, в границах села Уштобе.

Местонахождение участка: город Аркалык, село Уштобе, улица Строительная, 16, здание коммунального государственного учреждения "Сарыозенская общеобразовательная школа отдела образования города Аркалыка" Управления образования акимата Костанайской области.

**И.о. акима города Аркалык ТАШИМОВ А.К.**

### Арқалық қаласы аумақтық сайлау комиссиясының сайлау округігінің шекарасы, аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері туралы хабарламасы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 22-бабы 2-тармағына сәйкес Арқалық қаласы Үштөбе ауыл әкімінің сайлауы бойынша сайлау округінің шекарасы және Арқалық қаласының аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жерін жариялаймыз:

Үштөбе ауыл әкімінің сайлауы бойынша сайлау округінің шекарасы:

Үштөбе ауылының сайлау округі – Үштөбе ауылының шекарасында.

Аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері:

Арқалық қаласы, Абай даңғылы 25, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің қосымша білім беру орталығы» КММ ғимараты, тел.8 (71430)71641

**Комиссия төрағасы АЙТМАГАМБЕТОВ А.Е.**

### Сообщение территориальной избирательной комиссии города Аркалык о границах избирательного округа, местонахождение территориальной избирательной комиссии

В соответствии с пунктом 2 статьи 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» публикуем границы избирательного округа по выборам акима села Уштобе города Аркалык и местонахождение территориальной избирательной комиссии города Аркалык:

Границы избирательного округа по выборам акима села Уштобе

Избирательный округ села Уштобе - в границах села Уштобе;

Местонахождение территориальной избирательной комиссии: город Аркалык, пр. Абая 25, здание КГУ «Центр дополнительного образования отдела образования города Аркалыка» Управления образования акимата Костанайской области, тел.8(71430)71641.

**Председатель комисии АЙТМАГАМБЕТОВ А.Е.**

### Арқалық қаласының аумақтық сайлау комиссиясының аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының құрамы туралы хабарламасы

«Қазақстан Республикасының Сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13-бабы 4-тармағына, 17-бабы 2- тармағына сәйкес, сайлау комиссиясының құрамын, олардың орналасқан жерін жариялаймыз:

Арқалық қаласының аумақтық сайлау комиссиясы

Мекен-жайы: Арқалық қаласы, Абай даңғылы, 25, тел.7-16-41.

Төраға – Айтмагамбетов Арыстан Есмухамбетович

Төрағаның орынбасары – Бирмагамбетова Жанар Карсакбаевна

Хатшы – Доскеева Алия Назмжановна

Комиссия мүшелері: Жиенбаева Гулден Умиржановна, Кадирбаева Гульмира Капуровна, Саутова Айгуль Жанайдаровна, Сысоев Иван Владимирович.

Учаскелік сайлау комиссиясы және оның орналасқан жері:

**№91 сайлау учаскесі**

Дауыс беру учаскесінің мекен-жайы –Үштөбе ауылы,

Строительная көшесі, 16, мектеп ғимараты, тел.: 3-13-83

Комиссия төрағасы – Қойбағарова Сымбат Жауынбайқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Хасенов Айбас Есимсейтович Комиссия хатшысы – Курбанова Меруерт Турлугуловна

Комиссия мүшелері: Какимжанов Азамат Даулетович, Латыпова Юлия Наримановна

Дауыс беру 2025 жылдың 14 желтоқсаны күні сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін өтеді.

**Комиссия төрағасы А.Е. АЙТМАҒАМБЕТОВ**

### Сообщение территориальной избирательной комиссии города Аркалык о составах территориальной и участковой избирательных комиссий

В соответствии с пунктом 4 статьи 13, пунктом 2 статьи 17 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» публикую составы избирательных комиссий, их местонахождение:

Территориальная избирательная комиссия города Аркалык

Местонахождение: г. Аркалык, проспект Абая 25, тел.: 7-16-41

Председатель – Айтмагамбетов Арыстан Есмухамбетович

Заместитель председателя – Бирмагамбетова Жанар Карсакбаевна

Секретарь – Доскеева Алия Назмжановна

Члены комиссии: Жиенбаева Гулден Умиржановна, Кадирбаева Гульмира Капуровна, Саутова Айгуль Жанайдаровна, Сысоев Иван Владимирович.

Участковая избирательная комиссия и его местонахождение:

**Избирательный участок №91**

Местонахождение участка для голосования - с.Уштобе,

ул. Строительная, 16, здание школы, тел.: 3-13-83

Председатель комиссии – Қойбағарова Сымбат Жауынбайқызы Заместитель председателя комиссии – Хасенов Айбас Есимсейтович

Секретарь комиссии - Курбанова Меруерт Турлугуловна

Члены комиссии – Какимжанов Азамат Даулетович, Латыпова Юлия Наримановна

Голосование состоится 14 декабря 2025 года с 7.00 часов до 20.00 часов.

**Председатель комисии АЙТМАГАМБЕТОВ А.Е.**

## Пожарная безопасность в отопительный сезон

**На территории города Аркалыка ежегодно происходят пожары, которые влекут за собой материальный ущерб, травмы, ожоги, отравления и что самое страшное – гибель людей.**

Согласно анализу пожаров за прошлый год на территории города зарегистрировано 10 пожаров в частном секторе. Наибольшее их количество приходиться на жилой сектор. Причины пожаров самые разные, но как показывает практика, наиболее часто встречающимися причинами являются неосторожное обращение с огнем, нарушение правил пожарной безопасности при эксплуатации печей отопления, а также поджоги. Пожары по второй причине в основном происходят с наступлением отопительного сезона. Так как отопительный период еще продолжается, с целью недопущения несчастных случаев, стоит еще раз напомнить гражданам о необходимости соблюдения требований правил пожарной безопасности. Граждане, будьте осторожны! Соблюдайте правила пожарной безопасности!

**ОЧС г. Аркалыка**

# Әлем кубогын иеленді

**Арқалықтың палуандары әлемдік аренада атой салуда. Күні кеше Архат БАЙМУРЗИН Азия чемпионатынан алтын алса, оның ізін жалғап Нұрсұлтан ҚАБЫЛАН есімді спортшымыз Әлем кубогінде қарсылас шыдатпай, жеңімпаз атанды.**




Қос чемпионды жерлестері үлкен қошеметпен күтіп алып, қалалық әкімдік 2 миллион теңгеден қаражат ұсынды.

Түркістан қаласында өткен, қазақ күресінен Қажымұқан Мұңайтпасұлының жүлдесіне арналған ересектер арасындағы Әлем кубогінде +100 келі салмақта Нұрсұлтан ҚАБЫЛАН жеңімпаз атанды. Нұрсұлтан Иран, Грузия мемлекеттерінің спортшыларын жеңіп, финалда еліміздің палуанынан басым түсті.

Ал, Архат БАЙМУРЗИННІҢ 55 келі салмақ дәрежесінде ел намысын абыроймен қорғап, Азия чемпионы атанғанын білесіздер.

Қос чемпионды қала халқы, палуандардың жақындары, спорт сүйер қауым Арқалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі алаңында жоғары сән – салтанатпен күтіп алды.

Үлкен жеңіспен құттықтаған Арқалық қаласы әкімінің орынбасары Мешітбай ЖҰМАНОВ жеңімпаздарға қалалық әкімдік атынан 2 миллион теңгенің сертификатын табыс етті.

Бұл біз үшін тарихи жеңіс. Себебі, қазақ күресінен Азия чемпионы облыс бойынша соңғы рет 2014 жылы шыққан болса, Арқалықтың палуаны Әлем кубогінің жеңімпазы деген жетістікті облысымызға алғашқы рет алып беріп отыр.

Айта кетсек, чемпиондарымыз Азамат ЕРӘДІЛОВ, Алтынбек БОЛАТОВ, Сайлау РЫЗДЫҚОВ сынды білікті жаттықтырушылардан тәлім алған болатын.

Сондай ақ, осындай үлкен жетістіктерінің нәтижесінде қос палуанымыз да қазақ күресінен «Халықаралық дәрежедегі спорт шебері» атағын иеленетін болады.

**Абай САРЫБАЕВ,**

**«ҚР -нің еңбек сіңірген жаттықтырушысы»** :

*«Спортшыларымыздың жеңісі құтты болсын. Палуандарымыз тек Арқалық қаласының немесе Қостанай облысының атынан шыққан жоқ, Қазақстанның намысын қорғап, көк туымызды желбіретіп, әнұранымызды ойнатты. Осымен шектелмей, қазақ күресінен әлем чемпионаттары бар, сол әлем чемпионаттарының жеңімпазы болсын, дзюдодан да өздерін көрсетіп, олимпиадаға жолдама алсын»*

**Айбек ҚАЛИЕВ**
**айтыскер ақын:**

*«Жуықта «Алтын домбыра» жүлдесін алғанда : «Осымен Торғайдың алтын дәуірі басталады» , - деп айтқан болатынмын. Міне, соны бауырларымыз дәлелдеп отыр. Алтын дәуіріміз басталған секілді, жеңіс барлықтарыңызға құтты болсын!»*

# Демеушілердің ат спортының дамуына үлесі мол

**Арқалықта ат спортының дамуы соңғы жылдары қарқын алғаны белгілі. Көкпар мен аударыспақ сынды ұлттық спортымызды ұлықтап, команда жасақтау, атпен қамту сынды істерге қала әкімінің бастамасын қолдаған ел азаматтары үлес қосуда. Жуықта ғана көкпар командамызға әрқайсының құны 3 миллион теңге тұратын үш ат қосылды.**

Қаламызда ат спорты қолға алынып, қала сыртында ипподром алаңы салынып, көкпар, аударыспақ сынды ұлттық ойындарымыздан түрлі жарыстарда Арқалықтың аты атала бастады.

«2024 жылы Айбат ӘБДІР есімді азамат Арқалықта алғаш көкпар ұйымдастырды. Сол жылы қаламыздан көкпар және аударыспақ командалары жасақталып, Қарабалық ауданында өткен Қостанай облысының жазғы спартакиадасында өнер көрсетті. Он екі аудан қатысқан додада Арқалықтың көкпаршылары үшінші орынды, аударыспақ командасы төртінші орынды олжалады. Ал, биылғы жылы соқыр жеребе мықтыларға жолықтырып, Денисов ауданында өткен спартакиадада көкпардан бесінші, аударыспақтан жүлделі екінші орынды қанжығаға байладық», -дейді Арқалық қалалық көкпар командасының капитаны Қанат БЕЙСЕНБАЙ.

Жағдай жасалып, тәжірибе жинақтала бастағасын нәтиже де жақсара беретіні анық. Жуықта алаш ардақтысы Міржақып Дулатұлының 140 жылдық мерейтойына орай өткен көкпар ойынында қаламыздың командасы бірінші орынды жеңіп алды.

Арқалықтың көкпар командасының жетекшісі Айбат ӘБДІР болса, капитаны Қанат БЕЙСЕНБАЙ, жаттықтырушысы Дархан ҚАСҚЫРБАЙ есімді азаматтар.

Ал, команда сапында Қанат БЕЙСЕНБАЙ, Дархан ҚАСҚЫРБАЙ, Қазбек ТОҚҚОЖА, Нұрсат БІРМАҒАНБЕТ, Әли АҚСУЙІН, Ернұр ШОҚПЫТ, Данияр КЕНЖЕБАЙ, Айдос КЕНЖЕБАЙ, Ерәділ ҚАБДРАХМАН, Ернұр ӨТЕГЕН, Бексұлтан МАНЕТ, Асабек ТӨРЕБАЕВ және Нұрсұлтан САДЫҚ есімді палуандар өнер көрсетеді.

Бір аттың құны үш миллион теңге

Бүгінде қала әкімі Әмірхан АСАНОВТЫҢ бастамасын қолдап, Арқалықта ат спортының дамуына үлес қосып отырған азаматтарымыз бар.

«Арқалық қаласының әкімі Әмірхан АСАНОВТЫҢ қолдауымен қаламызда ат спортын дамытып жатырмыз. Бұл іске аттарымызды қорамен қамтып отырған Родина ауылдық округінің әкімі Жандос МҰХАМЕДЖАНОВ, көкпарға қажетті киім – кешек алып беруші қалалық спорт және дене шынықтыру бөлімінің басшысы Айтжан МӘЛІКОВ ағаларымыз да үлкен үлес қосып отыр. Айбат ӘБДІР есімді азаматтың да еңбегі зор. Бізде демеушілер қамтыған көкпарға мінетін он ат бар болса, соның үшеуі бір апта бұрын ғана алынды. Әрқайсы үш миллион теңге тұратын аттарды Шаймерден ҒҰМАРОВ, Расул МҰҚАНОВ, Аян БІРКЕН сынды азаматтар алды. Осындай кісілердің арқасында көкпарға мінуге жарамды белді аттарымыз сақадай сай тұр», -дейді Қанат БЕЙСЕНБАЙ.

Сол секілді Бердібек БАЙМАҒАНБЕТ, Қайырбай ҚАЛИЕВ, Қайрат ҚАБЫЛОВ , Болат ШАЛДЫБАЙ сынды ұлттық спорт жанашырлары көкпарға қажетті аттармен қамтыған. Бүгінде Арқалықтың командасы көкпарға мінетін, демеушілер әкелген, бағалары да арзан тұрмайтын тұлпарлар қатарында «Балапан», «Бақтұмар», «Миллион торы», «Қыпшақ», «Тайфун», «Шахар», «Бақторы», «Байрақ», «Харизим», «096» және «Қараман» сынды сәйгүліктер бар.

Мұнымен қоса, Қостанай қаласында дайындалып, жарыс болар кезде Арқалықтың намысын қорғауға мінілетін «Керей» және «Понаехали» аталатын аттарды атап кету қажет. Иелері санай ТҰЛПАР мен Нұрсат БІРМАҒАМБЕТ.

Олай болса, ұлттық ойындарымыздың дамуына үлес қосып отырған азаматтарымызға алғыс айта отырып, ат спортымен белсенді айналысып келе жатқан жастарымызға сәттілік тілейміз.

# Жыр додасында жүйріктігімен танылды

**Қаламыздың жас та, талантты ақыны Нұрислам РАҒАТОВ кезекті жүлдесіне қол жеткізді. Жерлесіміз Астана қаласында өткен " Жасанды интеллект дәуіріндегі - жасампаз жастар" атты Республикалық " Қола домбыра" айтысынан жеңімпаз болып оралды.**




Айтысқа еліміздің әр өңірінен мен мықтымын деген 22 ақын қатысқан. Екі күн бойы өнер сүйер қауымды жыр сусынына қандырған айтыстың бірінші күнінде Нұрислам суырып салып айтар талантымен көрерменнің қошеметіне бөленді. Қазылар жерлесімізге жоғары ұпай беріп келесі айналымға жіберді.

Жыр додасының екінші күні үздік шыққан 8 ақын өнер көрсетті. Солардың арасынан Нұрислам РАҒАТОВ барлық қарсыластарынан басым түсіп, 1 орынды жеңіп алды. Жалпы айтыстың басынан Алматы облысының, Шымкент қаласының, одан соң Павлодар мен Жамбыл облысының ақындарынан шеберлігін асырды.

Нұрислам ТАЛАПҰЛЫ жуықта ғана Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол ауылында Оразалы Досбосыновтың туғанына 50 жыл толуына орай өткен «Құлмамбеттің құлыны» атты Республикалық оқушылар айтысынан жүлделі үшінші орынды олжалаған болатын.

Айта кетсек, Нұрислам Б. Майлин атындағы №3 мектептің 10 сыныбында оқиды. Бала кезінен өнер сүйер қауымға таныла бастаған ол қазіргі уақытта талантын ұштап, бірқатар белестерді бағындырып үлгерді. Нұрисламның жетекшісі, өзінің туған ағасы, талантты жас ақындарымыздың бірі Айбар РАҒАТОВ. Ағасы баптап, Нұрислам бүгінде туа біткен таланты мен еңбегінің арқасында көрерменнің ықыласына бөленіп, қазылардың да көңілінен шығып жүр.

Солардың бірқатарын атап өтсек, Ақтау қаласында өткен «Ақберен» республикалық ақындар айтысында, Астана қаласында өткен «Дара дарын» атты Республикалық оқушылар айтысында, Астана қаласында өткен «Төрт тоқсан – төрт өнер» атты ұлттық мәдени-ағарту жобасы аясындағы ақындар айтысында, Көкшетау қаласында өткен А. Құнанбаевтың 180 жылдығына арналған Республикалық айтыста бас жүлде иеленді. Сондай ақ, Қызылорда қаласында өткен «Көктем нұры» атты Республикалық оқушылар айтысынан және Павлодар қаласында Асхат Тұрғынбектің елу жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған жыр додасынан екінші орынды жеңіп алса, «Қола домбыра» атты Республикалық айтыста үшінші орынды қанжығалаған болатын.

# Біздің аймағымыздың ежелгі өсімдіктерін білесіз бе?

**Біздің аймақтың табиғаты сан алуан және бай. Мұнда ежелгі геологиялық дәуірлерден бері сақталып келе жатқан өсімдік түрлері кездеседі.**



Олар – табиғаттың ұзақ эволюциялық даму жолының куәсі, өткен заманның тірі естелігі іспетті. Мұндай өсімдіктердің кейбірі бүгінде тек қалдық түрінде ғана сақталып қалған.



Су дала жалбызы

Өткен геологиялық дәуірлерде тіршілік еткен, қазіргі кезде сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар ежелгі өсімдіктер қатарына су дала жалбызы, тораңғы (түрлі жапырақты терек), тікенді қалампыр, кәдімгі сары тұңғиық, ақ тұңғиық, шобер ақтікені жатады. Бұл өсімдіктердің барлығы экологиялық тұрғыдан аса маңызды, себебі олар өздерінің өсу ортасын тұрақтандырып, жергілікті экожүйенің тепе-теңдігін сақтауға көмектеседі.



Тораңғы

Әсіресе тораңғы ағашының маңызы зор. Ол шөл және шөлейт аймақтарда өсетін сирек ағаштардың бірі. Тораңғы құмның көшін кетуінен қорғайды, топырақтың тұздануына және құрғақшылыққа төзімді. Осындай қасиеттері үшін оны шөлейтті аймақтарды көгалдандыруда теңдесі жоқ өсімдік деп санауға болады. Алайда тораңғыны өсіру оңай емес – ол тек тұқым арқылы ғана көбейеді. Сондықтан табиғи популяциясын сақтау және қалпына келтіру ерекше маңызды.



Сары тұңғиық



Ақ тұңғиық



Шобер ақтікені

Қазіргі уақытта тораңғы теректері есепке алынып, мемлекет қорғауына алынған. Аймақта «Алтын дала» мемлекеттік табиғи резерваты қорғауда. Бұл – табиғатты сақтау бағытындағы маңызды қадам. Себебі, ежелгі өсімдіктерді қорғау арқылы біз аймақтың экологиялық тұрақтылығын сақтап, келешек ұрпаққа бай табиғи мұра қалдырамыз.

Ежелгі өсімдіктер – тек өткен дәуірлердің қалдығы емес, бүгінгі табиғаттың ажырамас бөлігі. Оларды сақтау – экологиялық мәдениетіміздің, туған жерге деген сүйіспеншілігіміздің көрсеткіші. Сондықтан осындай өсімдіктерді қорғау, көбейту және зерттеу – баршамыздың ортақ парызымыз.

**Асанәлі АҚЫШЕВ,**
**Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның 7- сынып оқушысы**

# Жақсының жақсылығын айт - нұры тасысын!

**Халқымыздың «Жақсының жақсылығын айт — нұры тасысын» деген тәмсілі бар. Осы бір нақыл сөз ұзақ уақыт бойы көкейімде жүрді. Қашан, қалай жазсам екен деп жүріп, бүгін көңілім тағы бір мәрте Сара апайымды еске алып, жүректегі сағынышымды ақ параққа түсіргім келді.**



Арқалық педагогикалық институтының «Көркемсурет» факультетіне қарасты «Музыка және ән» бөлімінің бірінші курсына енді ғана түскен кезіміз. Сол кезде бізге нотаның алғашқы әліппесін танытып, музыка әлеміне есік ашқан ұлағатты ұстазымыз – Күзембаева Сара Әділкерейқызы еді.

Сара Әділкерейқызы — Қазақстанның еңбек сіңірген білім беру қайраткері, Өнертану ғылымдарының докторы, профессор, қазақтың белгілі музыкатанушысы, Шоқан Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жүзден аса ғылыми еңбектің авторы. Осындай биік дәрежедегі тұлғаның бізге — ауылдан енді ғана келген қарапайым студенттерге — шынайы жанашырлықпен қарағаны әлі күнге дейін есімізде.

Апайымыздың аққуба жүзінен әрдайым мейірім шуағы төгіліп тұратын. Сабырлы да байсалды мінезімен, күлімдеген көздерімен әр студентке анадай қамқорлық танытатын. Ол кісінің сабағы тек құрғақ теориямен шектелмей, өмірмен тығыз байланыста өтетін. Музыкалық білім беріп қана қоймай, әр тақырыптың астарынан адамгершілік пен ізгілікті де сіңіре білді.

Бірде, сабақ барысында қарапайым ғана сәлемдесу әдебінің өзі үлкен мәдениеттің көрінісі екенін түсіндіріп отырғанда, күрделі ғылыми ұғымды талқылап отырғандай әсер алғаным есімде. Бұл менің мектеп кезінде үлкен ықыласпен жазған «Сәлем – сөздің анасы» атты шығармаммен үндесіп жатқандай болды. Осындай сабақтардан кейін тек білім емес, тәрбие де сіңіп жатты.

Апайдың қарапайымдылығы мен жан жылуы біз үшін таңғаларлық еді. Әр сабақ сайын:

— Уақытымен тамақ ішіңдер, уақытымен ұйықтаңдар, — деп аналық қамқорлық танытып отыратын.

Біз сыныпқа кіргенде тәтті ұсынып, жылы лебіз білдіретін. Көп ауыратын студенттерге кеңес беріп, үй жағдайындағы жаңалықтарға дейін сұрап, шынайы қызығушылық танытатын.

Ата-бабаларында өнерпаз болған ба? – деп сұрағанда, кейбіреуіміз аңтарылып қалатынбыз.

Жылы сөзге сараң, біз секілді салқынқанды солтүстік жақтың балаларына:

Жандарым, қазағымның қаракөз балалары, білім алудан жалықпаңдар! — деп жиі айтатын жылы сөздері бізге ерекше әсер ететін.

Апайымыздың өзі де Арқалықтың қатаң ауа райына бейімделе алмай жиі ауырып қалатын. Бірақ соған қарамастан, сабағына қалмай келіп, өз ісіне деген адалдықтың үлгісін көрсетті. Бізден де соны талап ететін.

Әлі есімде курсымызда қысы-жазы мұрнынан суы құрғамайтын бір студент болатын. Сабақ үстінде мазасы қашып кеткенін көрген апай:

— Сен жігітсің ғой. Қорықпа, мұрныңа пияздың суын тамызып жүр, — деп кеңес бергені бар. Бұл әлі күнге дейін езуге күлкі үйіретін қызықты естеліктердің бірі болып қалды.

Ал жазғы демалысқа шығарда:

— Ауылда бос жүрмеңдер. Ауылдың алты ауызын жинап, нотаға түсіріп әкеліңдер. Бұл — біздің алтын қазынамыз, — деп тапсырма беруі бізге аманаттай әсер ететін.

Сара апайымыздан тек біз ғана емес, кафедраның тәжірибелі ұстаздары да кеңес алып, ғылыми жетекшілік етуге арнайы қолқа салуға келіп жүретін. Бұл оның терең білімі мен биік беделінің айғағы еді.

Және бір естелік, менің түсінбеген сұрағыма толық жауап ала алмасам тынышталмайтын «жаман» қасиетім бар еді. Сондай күндердің бірінде, бірінші курсты бітіретін жылы мамыр айы болу керек, апай сабақ соңынан мені алып қалып сол күнгі тақырып бойынша қосымша біраз түсіндірде де:

— Сары қыз, сенің қабілетің жақсы. Сен қазақ тілінде жақсы сөйлейсің. Ойыңды анық жеткізесің. Бізде музыка теориясынан сабақ беретін мұғалімдердің көбі орыс тілді. Мен сені консерваторияға ауыстырайын. Бізге қазақ балалары ауадай қажет. Сенен жақсы теоретик шығады. Осыны ойлан, — дегені мен үшін үлкен сенім еді.

Сол сөздер менің жүрегімде мәңгілікке жатталып қалды. Міне осындай ақылшы да жанашыр жан туралы естелігімді сол кезде неге жазбадым екен? Бәлкім, оның баладай ақ көңілі қуанып қалар ма еді? Енді өкінішке орай менің бұл азғантай ғана шәкірт жүректен шыққан жылы естілігімді Сара апайым оқи алмайды. Бүгінде апайымыз арамызда жоқ. Бірақ оның жарқын бейнесі, мейірімді жүзі, ұлағатты сөзі, үлгілі ісі — біздің жүрегімізде.

Ұстаздың шәкіртіне деген жанашырлығы — мәңгілік естелік. Сара апай, Сіздің жарқын бейнеңіз жадымызда мәңгі сақталады. Рухыңыз шат болсын! Артыңыздан қалдырған нұрлы ізіңіз өшпейді.

*(сурет ғаламтор желісінен алынды)*

**Салтанат СҰЛТАНОВА,**
**ұстаз, сазгер,**
**Алматы қаласы**

# Туған жерге

*Тый, жасыңды, Торғайым, егілме сен,*
*Егілуге болмайды, жеңілме сен!*
*Жарқыраған күнің де, таңың да атар,*
*Білек түріп, қарсы тұр, берілме сен!*

*Қасиетті Торғайым, толған айым,*
*Жүрегімнен жыр арнап толғанайын.*
*Революция бесігі кезіндегі,*
*«Елім» деген батырлар шықсын лайым.*

*Қалай жаным ауырмас, елім десем,*
*Тағдырыңды қолыңа ал, ерінбе сен.*
*Кіндік қаны тамған Ер, жырақтағы,*
*Кел, аянба, отқа түс, жерінбе сен!*

*Торғай ұлы, келдің сен біраз жасқа,*
*Жаны ашымас өзгенің сенен басқа.*
*Зейінді бол, алға ұмтыл, көштен қалма,*
*Үміт артып ешкімге, бекер тоспа!*

*Тәуелсіздік Отаны болған Торғай,*
*Атқа қонды қанша ер сені қорғай.*
*Торғай емес ендігі қыран болып,*
*Самғау керек қияда торда отырмай.*

*Ұмытпайық бабалар аманатын,*
*Жаратайық батырлар қазанатын.*
*Білім мен бірлікті ұштастырып,*
*Шығарайық Торғайдың ғажап атын!*

**Салтанат СҰЛТАНОВА,**
**ұстаз, сазгер, қоғам белсендісі,**
**Алматы қаласынан**

# Старому дому новую жизнь: началась реконструкция трехэтажки

**В эти дни активно ведется реконструкция трехэтажного жилого дома по улице Шакшака Жанибека,51.**



Как проинформировал руководитель данного проекта Орынгали Мухашов, подрядные работы и авторский надзор здесь выполняет и осуществляет ТОО «МегаСтрой групп Астана». Ведь у подрядной организации есть еще и лицензия на проектные работы. То есть, лицензия первой категории выдана на строительство и вторая категория на проектно-сметную деятельность. В свою очередь технический надзор осуществляет кампания «Курылыс инжениринг НС».

В настоящий момент предприятием ведутся работы по реконструкции 18-квартирного трехэтажного жилого дома. По завершении строительных работ в здании будут располагаться 12 двухкомнатных квартир и 6 трехкомнатных, общей площадью 1 тыс. 600 квадратных метров. Сдача объекта запланирована в преддверии Нового года. В настоящий момент строительно-монтажные работы выполняет бригада из 30 человек. В частности, ведутся такие виды работ, как облицовка фасада, отделочные работы внутри здания, кладка, штукатурка, а также проведение электричества. До этого были проведены работы по прокладке инженерных коммуникаций, включая установку отопительной системы, водопровода и канализации.

По информации Орынгали Мухашова, согласно предварительной договоренности, все эти 18 квартир после сдачи объекта выкупит администрация города, которая будет распоряжаться квартирами по своему усмотрению. Официальной информации по распределению квартир в настоящий момент нет. То есть, будут ли эти квартиры предназначены под служебное жилье, либо для очередников неизвестно. Кроме того, возле дома будут проведены работы по благоустройству, которыми уже будет заниматься администрация города. Причем, благоустройством планируется заняться уже в этом году. Речь идет о таких, возможных видах работ, как планировка, засыпка грунта и так далее, кроме укладки асфальта, который уже не подпадает в текущем году в сезонность выполняемых видов. Что будет именно сделано в плане благоустройства – это уже на усмотрение администрации города и не входит в смету ТОО «МегаСтрой групп Астана».

К слову, рядом со зданием расположенным по улице Шакшака Жанибека,51, расположены еще две пустующие трехэтажки по улице Шакшака Жанибека,49 и Руфины Маясовой,10. На них у администрации города также есть планы по реконструкции. Вероятнее всего, они также обретут свою вторую жизнь в ближайшие два года и найдут своих новоселов. В планах, отработать реконструкции выше указанных объектов по данной схеме. То есть, одной из частных организаций будет предоставлена возможность выкупить пустующее здание, а уже затем администрации города будет приобретать квартиры в законченном варианте жилых домов. Когда будут проводиться данные виды работ – покажет время.

**Виталий САЯПИН**

# Заңды сақтау - әділдіктің негізі

**Президент: «Әділетті Қазақстан-Заң мен Тәртіп үстемдік құратын ел»,- деді. Бұл жаңа қоғамдық келісімнің іргетасында тұратын маңызды постулат.**

Қазақстан тұтынушылар одағы Арқалық көпсалалы колледжінде Құқықтану арнайы пәндер бірлестігінің ұйымдастыруымен 2025-2026 оқу жылының қазан айында 08 қазан мен 21 қазан аралығында «Заң-әділдік пен тәртіптің кепілі» тақырыбында он күндік апталығы өтті.

